

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының Қазақстан Республикасының Конституциясының сәйкестігі туралы

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңестің Қаулысы 1996 жылғы 2 желтоқсандағы N 8

Құрамында Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Төрағасы Ю.А.Ким және Конституциялық Кеңестің мүшелері Н.И.Акуев, В.В.Мамонов, С.Н.Сабікенов, С.Ғ.Темірболатов, В.Д.Шопиннің, өтініш субъектісі - Қазақстан Республикасының Парламентінің өкілі, Парламент Сенаты Төрағасының орынбасары - С.В.Тихоновтың, Парламент сенаты Аппаратының комитеттерімен жұмыс жөніндегі бөлім бастығы С.С.Еспаевтың; сарапшылар: Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының мүше-корреспонденті, заң ғылымдарының докторы М.К.Сүлейменовтың, заң ғылымдарының кандидаты, доцент А.И.Худьяковтың; Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары А.С.Павловтың, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы А.О.Жандосовтың және Қазақстан Республикасының Әділет министрі К.А.Колпаковтың қатысуымен Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабы 1-тармағының 2-тармақшасы, "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық заң күші бар Жарлығының 17-бабы 2-тармағының 1-тармақшасы негізінде Қазақстан Республикасының Парламент Сенатының Төрағасы Ө.Байгелдінің 1996 жылғы қарашаның 13-інде Қазақстан Республикасының Парламенті қабылдаған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігі жөніндегі өтінішін ашық отырыста қарай келіп, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі мыналарды анықтады:

1996 жылғы қарашаның 15-інде Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесіне Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабының 4-тармағына сәйкес 1996 жылғы қарашаның 13-інде Қазақстан Республикасының Парламенті қабылдаған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарау туралы Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты Төрағасының өтініші келіп түсті.

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын, өтінішке байланысты қолда бар

құжаттарды талдау, сондай-ақ өтініш субъектісінің ресми өкілдері - Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты Төрағасының орынбасары - С.В.Тихоновпен және Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатының комитеттерімен жұмыс жөніндегі бөлім менгерушісі С.С.Еспаевпен жүргізілген сұрау жұмысы мынаны көрсетті: шын мәніне өтінішке арқау болып отырған қабылданған Заңның барлық бабы мен тармағы емес, тек Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Жалпы бөлім) 86-бабына қосымша жаңа 6-тармақ түрінде енгізілген, мына мазмұндағы 1-тармақ қана: "Банктер мен банктік емес қаржы мекемелерінде капиталдың заңмен белгіленген тәртіпте есептелген шамадан артық мөлшері жолыққан жағдайда, олардың акциясын еріктен тыс сатып алушың мүмкіндіктері мен негіздері заң актілерінде көзделуі мүмкін".

"Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі туралы" "Қазақстан Республикасындағы банктер мен банк қызметі туралы", "Бағалы қағаздар және қор биржасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар Жарлықтарының ережелерін өзгертуші және толықтыруыш қаралып отырған Заңның басқа құқықтық нормалары Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Жалпы бөлім) 86-бабының 6-жаңа тармақ түріндегі қосымшадан туындаиды.

Конституцияның 6-бабының 2-тармағында: "Меншік міндет жүктейді, оны пайдалану сонымен қатар қоғам игілігіне де қызмет етуге тиіс. Меншік субъектілері мен объектілері, меншік иелерінің өз құқықтарын жүзеге асыру көлемі мен шектері, оларды қорғау кепілдіктері заңмен белгіленеді" деп жазылғандықтан, "Банктер мен банк емес қаржы мекемелерінде капиталдың заңмен белгіленген тәртіпте есептелген шамадан артық мөлшері жолыққан жағдайда, олардың акциясын еріктен тыс сатып алушың мүмкіндіктері мен негіздері заң актілерінде көзделуі мүмкін" - деп белгілейтін Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 86-бабына қосымша жаңа 6-тармақ Қазақстан Республикасының Конституациясына қайшы келмейді.

Қабылданған Заңның банктер мен банктік емес мекемелердің акциясын еріктен тыс сатып алушың жаңа нормасын енгізуі Қазақстан Республикасы Конституациясының 26-бабының 3-тармағына, 6-бабының 1-тармағына қайшы келмейді. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 115 және 118-баптарына сәйкес (Жалпы бөлім) акция құнды қағаздың бір түрі ретінде мүлік түрі болып табылады және осындай сипатта меншік құқығының объектісі бола алады, ал акция ұстаушы мемлекеттік ұйым болып табылатын жағдайда, шаруашылық жүргізу құқығының объектісі немесе жедел басқару құқығының объектісі болып табылады. (КР АҚ 197 және 202-баптары). Олай болса, акция Конституцияның 6 және 26-баптарында қолданылатын "меншік" санатына жатады.

Конституцияның 6-бабының 1-тармағында "Қазақстан Республикасында Мемлекеттік меншік пен жеке меншік танылады және бірдей қорғалады", - деп белгіленген. Конституцияның 26-бабының 2-тармағында меншікке заңмен кепілдік берілетіндігі көзделген, ал осы баптың 3-тармағы бұл кепілдіктерді "Соттың

шешіміңсіз ешкімді де өз мұлқінен айыруға болмайды. Заңмен көзделген ерекше жағдайларда мемлекет мұқтажы үшін мұліктен күштеп айыру оның құны тең бағамен өтелген кезде жүргізуі мүмкін", - деп белгілейді.

Заңмен көзделген ерекше жағдайларда мемлекет мұқтажы үшін мұліктен күштеп айыру құны тең бағамен өтелген кезде жүргізуі мүмкін.

Субъектілер (акционерлер) меншігінің объектісі болып табылатын акцияларды еріктен тыс сатып алу несие берушілердің (салымшылардың) мүддесін қорғау мақсатында және Республиканың банк жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін жүзеге асырылады. Банктер мен банктік емес қаржы мекемелерінде капиталдың шамадан тыс артық мөлшері болуы айрықша жағдайларға жатады, бұл жағдайларда Конституцияның 26-бабының 3-тармағы мұлікті еріктен тыс алуға рұқсат етеді. Бұл өтпелі кезең экономикасының ерекшеліктерінен туындалған отыр.

Жоғарыда баяндалғандар негізінде және Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабы 1-тармағының 2-тармақшасын және "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық заң күші бар Жарлығының 17-бабы 2-тармағының 1-тармақшасын және 37-бабын басшылыққа ала отырып, Конституциялық Кеңес қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Парламенті 1996 жылғы қарашаның 13-інде Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабының 4-тармағына сәйкес қабылданған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Конституциясының 74-бабының 3-тармағына сәйкес қаулы үзілді-кесілді болып табылады, шағымдануға жатпайды және "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық заң күші бар Жарлығының 38-бабының 2 және 3-тармақтарында көзделген жағдайлар ескеріле отырып, ол қабылданған күннен бастап өз күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы
Конституциялық Кеңесінің
Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК